



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 023 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2005 жылғы 11 шілде**

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы

Инфляция деңгейінің динамикасын ескере отырып және “Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2005 жылғы 11 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 8,0% деңгейінде белгілеуге қаулы қабылдады. Қайта қаржыландыру ставкасының бұған дейінгі мәні жылдық 7,5% болды.

2005 жылғы қаңтар – маусым аралығындағы кезеңде Қазақстанда инфляция деңгейінің жылдық көрсетуде жоғарылағаны байқалды. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетуде 7,9% (2004 жылғы желтоқсанда – 6,7%) болды. Бұл орташа жылдық инфляцияның деңгейіне - 7,1-7,3% сәйкес келеді, ол инфляцияның ағымдағы жылға нақтыланған болжамынан асып түседі (5,2-6,9%).

2005 жылғы қаңтар-маусымдағы бағалар динамикасы шығасылардың инфляциясымен (жалақыға, сатып алынатын ресурстарға шығыстардың өсуі), сұраныс инфляциясымен (экономикалық субъектілердің кірістерінің өсуі), сондай-ақ инфляция “импортымен” айқындалды.

Ақша-кредит саясатының құралдары инфляцияға кешігіп әсер ететіндіктен 2004 жылдың аяғы – 2005 жылдың басында ресми ставкаларды көтеру ағымдағы экономикалық ахуал сақталған жағдайда 2005 жылдың екінші жартысынан бастап инфляция көрсеткіштеріне әсер ете бастауы күтілді. Алайда, бюджеттік шығыстарды көбейткен жағдайда қайта қаржыландыру ставкасы өзгеруінің инфляцияны төмендетуге күтілетін әсері ішінара бейтараптандырылады.

Бұдан әрі инфляциялық процестер сақталған жағдайда Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша басқа ставкаларды арттыру мәселесін қайта қарауы мүмкін.